

ЖОБАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:



Маратов мирас пұроекұлы

2-сынып оқушысы

Жетекшісі: Бокашева А.Г.

Құмжарған орта мектебінің
2-сынып оқушысы Маратов Миранның
«Сыры көп кока-кола» атты ғылыми
жобасына

Пікір

Ұсынылып отырған бұл ғылыми жобада кең көлемді тақырып қамтылды. Жас ұрпақ білімді де саналы бәлсе, мемлекетіміздің ірге тасы да мықты болары анық. Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуы, ой-өрісінің дамуының алғашқы баспалдағы бастауыш сыныпқа қаланатыны белгілі.

Маратов Миран бұл ғылыми жобасында кока-коланың көптеген сырларын зерттеген. Ғылымның негізгі қағидаларымен терең таныса отырып, адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасын реттей алуы, түрлі мәселелерді өзі есепке ала алады. Ғылымның негізгі әдістерін, түрлі әдіс-тәсілдерді өз ісінде еркін тиімді қолдана біледі.

Шығармашылықпен жұмыс жасай алады. Миран зерттеу жұмыстарында, проблемалық видео әдіс, сауалнама тәжірибе жұмыстарын жасай отырып, кока-коланың зияны туралы ой тастап оны тек тұрмыстық жағдайларда қолдануды ұсынады. Миранның алар асуы әлі алда. Шығармашылық ізденушілік жолындағы жұмысы жемісті боларына сенемін.

Ғылыми жетекшісі:

Бастауыш сынып мұғалімі:
Кабидуллина Н.



Түйіндеме

Оқушының аты-жөні: *Маратов Мирас Нұрбекұлы*

Туған жылы, айы, күні: *24.07.2008ж*

Мектебі: *Құмжарған орта мектебі*

Сыныбы: *2-сынып*

Мекені: *Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Бірлік ауылы*

Жетістіктері: *Мектепшілік “Алтын күз” көрмесінен II орын,*

М.Мақатаев тың 85 жылдығына ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысынан III орын,

республикалық, аудандық, мектепшілік мадақтамалар

*Ең бастысы - адам факторы: оның еркі,
күш-жігері, табандылығы мен білімі.*

*Өркендеп даму мен тәуелсіздікке аттар
табалдырықтың алтын кілтін де осы
шамадан іздеген жөн.*

Н.Ә.Назарбаев



Мақсаты

Өсіп келе жатқан ұрпақтың қандай сусындар пайдаланып жүргенін анықтау; Соса сола-ның адам ағзасына келтіретін зиянын зерттеу; келтірілген зияндармен күресу жолдарын зерттеу, сонымен қатар тұрмыста Соса сола-ның пайдалы тұстарын ашып көрсету



Бұл тақырыпты таңдап алуға менің ата-анамның ықпалы болды. Себебі, маған, балаларға ата-анамыз, үлкен адамдар кока-коланы ішпендер, ол зиян деген сөздерін жиі еститінмін. Осы сөздер маған кока-коланы зерттеуге қызығушылық тудырды. Сосын ғаламтор желісінен кока-коланың қасиеті, зияны, одан қандай заттар жасауға болатындығы туралы іздей бастадым. Және өзім де солар сияқты зерттеу жұмыстарын жасадым. Осы тақырып төңірегінде ой қозғамақпын. Кока кола сусыны 1886 жылдың 8 мамырында Америкада Атланта қаласында пайда болған. Бұл сусынды ойлап тапқан Джон Пембертон.

Бұл кока кола алғашында кез келген жүйке бұзылуына емдік дәрі ретінде қалалық дәріханаларда сатыла бастаған. Себебі, ол кезде кокаиннің адам денсаулығына зиян екенін ешкім білмеген.

Адам ағзасының 60 (пайызын) су құрайды. Күнделікті қажетті мөлшерде су ішіп тұруымыз керек. Ал біз, көбіне газдалған сусындарды ішеміз. Оның құрамында судан басқа газ, қант пен қышқылдар бар. Олар адам ағзасына әр түрлі әсер береді. Сүйектегі кальций азайып, сүйек әлсіреп, сынғыш келеді. Сонымен қатар, ішек ауруларына шалдығады. Тістеріміз қарайып, тіс эмалі кетеді. Сосын тісіміз ауыратын болады. Кока коланы көп ішсек, ойлау қабілетімізді тежейді екен.

Бұл кока коланың зияны мен қатар басқа қасиеттері де бар. Тек сусын ретінде ғана емес, тұрмыстық жағдайларда да пайдалануға болады. Кока кола ауруды уақытша тоқтатады. Жаз кезінде шыбын-шіркей шаққан орынға құйып жіберсек, бірден әсер етеді. Темірдегі татты кетіреді. Таттанған затты кока колаға біраз уақыт салып қойса тап-таза боп шығады. Автокөлікті, терезені жақсы жуады. Жуып болған соң шүберекпен бір сүртіп алса, ешқандай із қалмайды. Сонымен қатар, тамақ дайындағанда кез-келген соусқа араластырып қосып жіберсе, керемет дәм береді. Еден жуар алдында суға кока кола құйып сүртіп шықса, үйдің ішінде ароматты иіс пайда болады. Киімге сіңген қанды да тез ерітіп, жойып жібереді. Жол апаты болғанда асфальтқа сіңген қанның ізін де қалдырмайды екен. Бұндай әдісті шет елдерде қолданады екен.



Мен бұл жобаны өзімнің үлкен қызығушылығыммен жазып шықтым. Осы уақытқа дейін зерттеген зерттеген жобамның тақырыбын ашу бағытында көп ізденгенімді, жасаған тәжірибелерімді толықтай аша білу үшін қаншалықты тырысқанымды көрсеткім келеді.

Міне, алдарыңызда тұрған жұмыртқа. Бұл тәжірибені жасау үшін 3(үш) ай уақыт кетеді. Алдымен, шикі жұмыртқаны алып, кока кола құйылған ыдысқа салып қойдым. Бір тәулік тұрды, бір апта, бір ай, тіпті 3(үш) айға жуық тұрды. Нәтижесінде бір тәулікте жұмыртқаның түсі өзгерді. Бір аптада түсі қоңырланып, қара бүртіктер пайда болды. Бір айда жұмыртқаның сыртындағы қатты қабығы яғни, кальций үгітіле бастады. Міне, қазір сыртқы қабығы әбден үгітіліп, жұп-жұмсақ допқа айналды.





Екінші тәжірибем, екі ыдысқа кока кола құйып алдым. Бірінші ыдыстағы кока колаға – сүт, ал екінші ыдыстағы кока колаға – белезна құйдым. 10-20 минуттан соң бірінші ыдыстағы сүттің іріп кеткенін байқадым. Және екі ыдысқа құйылған кока коланың түстері өзгеріп, таза суға айналды.

**Ал, мына алдарыңызда тұрған заттар кока-коладан жасалған.
Мынау – кока кола сағызы**



кока кола чупа чупсы



кока кола блины



Кока кола вулканы



Қазір осы вулканды оятқым кеп тұр.
Мен бірінші қантты, екінші тұзды, үшінші ас содасын салдым.
Нәтижесі міне...



Сауалнама

1. Көбіне қандай сусынды ішкенді ұнатасың?

А. табиғи шырын б. Газдалған сусын кока кола в. Компот



Компот

2. Кока коланың зияны туралы білесіңбе?


А. Иә б. Жоқ в.

3. Кока коланы бір рет ішкеннен кейін қайтадан ішкің келе ма?

А. Иә б. Жоқ в. Кейде




Осындай газдалған сусындардың адам денсаулығына қаншама зиян келтіріп жатқанын байқағанда мен Қазақстанның кішкентай азаматы бола тұра бейжай қарап отыра алмадым. Сол себепті осы тақырыпты сынып жетекшіммен талқылай отырып, газдалған сусындардың адам денсаулығына зияны туралы осы жобаны жазуға бел будым. Бұл менің кішкентай да, азғана зерттеу жұмыстарымның нәтижесі басқа балаларға ой салар деген үміттемін.



Қорытынды

Газдалған сусындардың адам денсаулығына қаншама зиян келтіріп жатқанын байқағанда мен, Қазақстанның кішкентай азаматы бола тұра бейжай қарап отыра алмадым. Менің кішкентай да, азғана зерттеу жұмыстарымның нәтижесі басқа балаларға ой салар деген үміттемін





Менің ұсынысым:

Кока-кола сусынының зияны, толықтай құрамы жөнінде қорапшада жазылса, ыңғайлы қорапта, қолжетімді бағамен табиғи ұлттық сусындар сатылар болса- энергетикалық сусындар нарықтан ығыстырылар еді. Сонымен қатар кока коланы басқа шетелдегідей күнделікті тұрмыста тазартқыш ретінде пайдалану жолға қойылса екен.



Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:

- 1. Бастауыш мектеп №6, 2013 жыл**
- 2. Республикалық «Ойла» балалар журналы №1, 2015 ж**
- 3. «Ол кім? Бұл не?» балалар энциклопедиясы.**
- 4. Ғаламтор беті**



**Назарларыңызға
рахмет !!!**

Сыртықең

